

Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Тассуат ауылының әкімінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 маусымда № 4819 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 7 ақпандағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Тассуат ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданы Тассуат ауылының көшелері:

- 1) Дзержинский көшесі Достық көшесіне;
- 2) Комсомольская көшесі Бірлік көшесіне;
- 3) Целинная көшесі Ардагерлер көшесіне;
- 4) Калинин көшесі Атамекен көшесіне;
- 5) Студенческая көшесі Студенттер көшесіне;
- 6) Школьная көшесі Болашақ көшесіне;
- 7) Ленин көшесі Тәуелсіздік көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімінің міндеттерін атқарушысы

Т. Колыш